

"Шымкент қаласының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 1 тамыздағы № 1417 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 2849 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 26 желтоқсанда № 198-17 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шымкент қаласының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 1 тамыздағы № 1417 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 170477 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Шымкент қаласының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Г. Сыздықбеков